

ISSN 2523-4684
e-ISSN 2791-1241

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ХОРЕОГРАФИЯ АКАДЕМИЯСЫ
KAZAKH NATIONAL ACADEMY OF CHOREOGRAPHY
КАЗАХСКАЯ НАЦИОНАЛЬНАЯ АКАДЕМИЯ
ХОРЕОГРАФИИ

Ғылыми
журналы

scientific
journal

научный
журнал

ARTS ACADEMY

4 (4) 2022

Желтоқсан 2022
Desember 2022
Декабрь 2022

2022 жылдың наурыз
айынан шыға бастады
published since March 2022
издается с марта 2022 года

жылына 4 рет шығады
published 4 times a year
выходит 4 раза в год

Астана қаласы
Астана city
город Астана

Редакциялық алқаның төрағасы

Асылмұратова А.А. - Қазақ ұлттық хореография академиясының ректоры, Ресей Федерациясының Халық әртісі, Ресей Федерациясы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.

Редакциялық алқаның төрағасының орынбасары

Нүсіпжанова Б. Н. - педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері.

Бас редактор

Толысбаева Ж.Ж. - филология ғылымдарының докторы, профессор.

Редакциялық алқа

Кульбекова А.К. - педагогика ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан);

Саитова Г.Ю. - өнертану кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі (Қазақстан);

Ізім Т.О. - өнертану кандидаты, профессор, ҚазССР-ның еңбек сіңірген әртісі (Қазақстан);

Жумасейтова Г.Т. - өнертану кандидаты, профессор (Қазақстан);

Казашка В. - PhD, қауымдастырылған профессор (Болгария);

Вейзанс Э. - PhD (Латвия);

Туляходжаева М.Т. - өнертану докторы, профессор (Өзбекстан);

Фомкин А.В. - педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент (Ресей);

Дзагания И. - филология ғылымдарының докторы, профессор (Грузия);

Таптыгова Е. - PhD (Әзірбайжан).

Жауапты редактор: **Жунусов С.К.**

Қазақ ұлттық хореография академиясының ғылыми журналы.

ISSN 2523-4684

е ISSN 2791-1241

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінің мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою туралы **02.02.2022 жылы берілген**

№ KZ77VPY00045494 куәлік.

Шығу жиілігі: жылына 4 рет

Тиражы: 300 дана

Редакция мекен-жайы: Астана қ., Ұлы Дала даңғылы, 9, 470 офис

Тел.: 8 (7172) 790-832

E-mail: artsballet01@gmail.com

Chairman of the Editorial Board

Asylmuratova A. A.

- Rector of the Kazakh National Academy of Choreography, People's Artist of the Russian Federation, laureate of the State Prize of the Russian Federation.

Deputy Chairman of the Editorial Board

B.N. Nusipzhanova

- Candidate of Pedagogical Sciences, Professor, Honoured Worker of the Republic of Kazakhstan.

Editor-in-Chief

Zh.Zh. Tolysbaeva

- Doctor of Philology, Professor.

Editorial Board

A.K. Kulbekova

- Doctor of Pedagogical Sciences, Professor (Kazakhstan);

G.Yu. Saitova

- Candidate of Art History, Professor, Honored Artist of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan);

T.O. Izim

- Candidate of Art History, Professor, Honored Artist of the Kazakh SSR (Kazakhstan);

G.T. Zhumaseitova

- Candidate of Art History, Professor, (Kazakhstan);

V. Kazashka

- PhD, Associate Professor (Bulgaria);

E. Veizans

- PhD (Latvia);

M.T. Tulyakhodzhayeva

- Doctor of Art History, Professor (Uzbekistan);

A.V. Fomkin

- Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor (Russia);

I. Dzagania

- Doctor of Philology, Professor (Georgia);

E. Tapytsova

- PhD (Azerbaijan).

Executive editor: **Zhunossov S.K.**

Scientific journal of the Kazakh National Academy of Choreography

ISSN 2523-4684

e ISSN 2791-1241

Certificate of registration of a periodical, information agency and online publication of the Information Committee of the Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan **No. KZ77VPY00045494, issued 02.02.2022**

Frequency: 4 issues per year

Printing: 300 copies

Editorial Office: Astana city, Uly Dala avenue 9, 470 office

Phone: 8 (7172) 790-832

E-mail: artsballet01@gmail.com

© **Kazakh National Academy of Choreography, 2022**

Председатель редакционной коллегии

Асылмуратова А. А. - Ректор Казахской национальной академии хореографии, Народный артист Российской Федерации, лауреат Государственной премии Российской Федерации.

Заместитель председателя редакционной коллегии

Нусипжанова Б.Н. - кандидат педагогических наук, профессор, Заслуженный деятель Республики Казахстан.

Главный редактор

Толысбаева Ж.Ж. - доктор филологических наук, профессор.

Редакционная коллегия

Кульбекова А.К. - доктор педагогических наук, профессор (Казахстан);

Саитова Г.Ю. - кандидат искусствоведения, профессор, Заслуженная артистка Республики Казахстан (Казахстан);

Ізім Т.О. - кандидат искусствоведения, профессор, Заслуженный артист КазССР (Казахстан);

Жумасейтова Г.Т. - кандидат искусствоведения, профессор, (Казахстан);

Казашка В. - PhD, ассоциированный профессор (Болгария);

Вейзанс Э. - PhD (Латвия);

Туляходжаева М.Т. - доктор искусствоведения, профессор (Узбекистан);

Фомкин А.В. - кандидат педагогических наук, доцент (Россия);

Дзагания И. - доктор филологических наук, профессор (Грузия);

Таптыгова Т. - PhD (Азербайджан).

Ответственный редактор: **Жунусов С.К.**

Научный журнал Казахской национальной академии хореографии.

ISSN 2523-4684

e ISSN 2791-1241

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания, информационного агентства и сетевого издания Комитета информации Министерство информации и общественного развития Республики Казахстан № **KZ77VPY00045494**, выданное **02.02.2022 г.**

Периодичность: 4 раза в год

Тираж: 300 экземпляров

Адрес редакции: г. Астана, пр. Ұлы Дала, 9, 470 офис.

Тел.: 8 (7172) 790-832

E-mail: artsballet01@gmail.com

© **Казахская национальная академия хореографии, 2022**

**ХОРЕОГРАФИЯЛЫҚ ӨНЕР
CHOREOGRAPHY ARTS
ХОРЕОГРАФИЧЕСКОЕ ИСКУССТВО**

**FTAХР 18.49.09
ӘОЖ 793.3**

DOI:10.56032/2523-4684.2022.4.4.5

А.А. Тұрғали¹

*¹Қазақ ұлттық хореография академиясы
(Астана, Қазақстан)*

**ҚАЗАҚСТАН ХОРЕОГРАФИЯ МЕКТЕПТЕРІНІҢ БІЛІМ
БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Аннотация

Мақалада бүгінгі күні хореографиялық білім беріп келе жатқан Қазақстанның А. В. Селезнев атындағы Алматы хореография училищесі мен Елдордағы Қазақ ұлттық хореография академиясының оқыту процесіндегі кейбір айырмашылықтар қарастырылды. Сонымен қатар балет әртісін дайындау барысында сахналық тәжірбиесінің үлкен орын атқаратыны тілге тиек етілді.

Бүгінгі күні балет театрының бишісіне қойылатын талаптар жоғары болуына байланысты мектеп түлектерінің дайындық деңгейі де жоғары болуды қажет етеді. Осыған байланысты ұстаздар қауымының күш-жігері бірегей оқу орнының озық дәстүрлерін сақтай отырып, педагогикалық әдістерді хореографияның жаңа бағыттарын енгізу арқылы дамыту үстінде.

Мақалада 20 жылға жуық А. В. Селезнев атындағы Алматы хореография училищесі өткізіп отырған Халықаралық «Өрлеу» және Қазақ ұлттық хореография академиясының 2018 жылдан Халықаралық деңгейде «Tempo Lie» фестивальдерін өткізіп келе жатырғандығы көрсетілген. Осы фестивальдер арқылы жас буын балет әртістері үлкен сахнаға жолдама алып отыр.

Мысал келтіре отырып бір қимылды талдау арқылы мектеп ерекшеліктері көрсетілді.

Түйінді сөздер. Хореография, балет, би, қимыл, сахна, училище, академия.

А.А. Турғали¹

*¹Казахская национальная академия хореографии
(Астана, Казахстан)*

**ОСОБЕННОСТИ УЧЕБНОГО ПРОЦЕССА
ХОРЕОГРАФИЧЕСКИХ ШКОЛ КАЗАХСТАНА**

Аннотация

В статье рассматриваются некоторые различия в учебном процессе Алматинского хореографического училища имени А.В. Селезнева и Казахской национальной академии хореографии в столице, дающей сегодня хореографическое образование в Казахстане. При этом подчеркивалось, что важную роль в подготовке артиста балета играет сценический опыт. На сегодняшний день в связи с высокими требованиями к артистам театра, уровень подготовки выпускников школ также должен быть высоким. В связи с этим усилия педагогического сообщества развивают педагогические методы путем внедрения новых направлений хореографии при сохранении передовых традиций уникального учебного заведения.

В статье рассказывается о международном фестивале «Өрлеу», который около 20 лет проводит Алматинское хореографическое училище имени А.В. Селезнева и о фестивале на международном уровне «Temps Lie» который с 2018 года проводит Казахская национальная академия хореографии. Через эти фестивали артисты балета молодого поколения получают путевку на большую сцену.

Характеристика и особенность двух школ рассмотрено путем анализа на примере одного движения.

Ключевые слова. Хореография, балет, движение, сцена, училище, академия.

A.A. Turgali¹

¹Kazakh National Academy of choreograph
(Astana, Kazakhstan)

FEATURES OF THE EDUCATIONAL PROCESS OF CHOREOGRAPHIC SCHOOLS IN KAZAKHSTAN

Annotation

The article discusses some differences in the educational process of the Almaty Choreographic School named after A.V. Seleznev and the Kazakh National Academy of Choreography in the capital, which today provides choreographic education in Kazakhstan. At the same time, it was emphasized that stage experience plays an important role in the preparation of a ballet dancer. Today, due to the high requirements for theater artists, the level of training of school graduates should also be high. In this regard, the efforts of the pedagogical community are developing pedagogical methods by introducing new directions of choreography while preserving the advanced traditions of a unique educational institution.

The article tells about the international festival "Orleu", which has been held by the Almaty Choreographic School named after A.V. Seleznev for about 20 years and about the festival at the international level "Temps Lie", which has been held by the Kazakh National Academy of Choreography since 2018. Through these festivals, ballet dancers of the younger generation receive a ticket to the big stage.

Characteristics of the school by analyzing the example of one movement.

Key words. *Choreography, ballet, dance, movement, stage, school, academy.*

Кіріспе. Қазіргі таңда елімізде толықтай классикалық білім беретін екі оқу орны бар. Солардың бірі 1934 жылы құрылған А. В. Селезнев атындағы Алматы хореография училищесі. Бұл оқу орны 8 жыл оқылатын кәсіби балет әртісі мамандығы мен 3 жылдық халық би ансамблінің әртістерін дайындайды.

Бұл оқу орны ХХ ғасырдың 30- жылдары құрылған болатын. Сол кезеңнен бері 80 жылдан аса би өнеріне бала тәрбиелеп келе жптқан бірден-бір оқу орны. Алғашқы кезеңде А. Александров, А. Селезнев, Е. Лифанова т.б оқытушылар еңбек еткен.

Ал, 1965 жылы хореография училищесін ҚазКСР-нің халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, қазақтың қарлығаш бишісі Шара Жиенқұлова басқарды. 1975 жылға дейін директорлық қызметін атқару барысында арнайы пәндерді оқыту әдістемесінің одан әрі дамуымен және ұлттық қазақ биін оқыту жүйесінің қалыптасуымен ерекшеленді. «1965 жылы тамызда Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің қаулысы шықты, онда:

1. Хореографиялық білім беру ерекшеліктерін ескере отырып, хореографиялық училище ғимаратын салу туралы

2. Орыс және қазақ тілдерінде жалпы білім беретін ашық сыныптар.

3. Қазақ биі кафедрасын ашу керектігі сөз болған» [1, 92 б.].

Ш. Жиенқұлованың хореография училищесіндегі қызыметі ұстаздық, ғылыми-зерттеу және қазақ биін оқытуды жүйелеуге арналды. Ол хореография училищенің директоры болып тұрған кезінде халық

бөлімі ашылып, оның түлектері кейін Абай атындағы Мемлекеттік Опера және Балет театрының труппа әртістерінің қатарына қосылды.

Кейінгі бітірушілер Мемлекеттік ән және би ансамблі (қазіргі «Салтанат» мемлекеттік би ансамблі), Мемлекеттік «Алтынай» би ансамблі, Қазақконцерт бірлестігі, Мемлекеттік жастар эстрадалық «Гүлдер» ансамблі қатарын толықтырды. Халықтық бөлімнің ашылуы уақыт талабынан туындаған болатын. Сол кезеңдегі халық би орнындаушы бишілер аз боатын. Міне осы мәселені шешуде училищенің түлектері оң әсер еткені белгілі. XX ғасырдың 70-жылдары жаңадан шығармашылық ұжымдарды құру үрдіс алды. 80-жылдары «Алтынай», «Сазген» фольклорлық-этнографиялық ансамбльдерінің және ҚазақКСР-нің ән би ансамблінің орнына құрылған «Салтанат» би ансамблінің құрамын осы халық бөлімінің түлектері толықтырды.

Мақала әдіснамасы ретінде: Би өнері және би әдіскерлерінің жұмыстар мен қатар би өнерінің даму тарихы жөніндегі әдебиеттер алынды. Б. Аюханов пен Т. Ізімнің қазақ хеография өнерінің даму жолдарын зерделеген жұмыстары мен қатар Қ, Жакипова мен А. Алишеваның әдістемелік жұмыстары алынды. Сонымен қатар орыс педагогтары Карпенко В., Карпенко И., Багана Ж. еңбектері мақаладағы қимылды талдау кезінде қарастырылды.

Тақырып бойынша әдебиеттерге шолу: Ш. Жиенқұлованың, Д. Әбіров [2] пен Л. Сарынованың [3], Т. Ізім [4] мен Г. Жұмасейітованың [5] еңбектері қарастарылды. Сонымен қатар Л. Кремер [6] мен А. Уразғалиеваның да еңбектері де алынды.

Шара Жиенқұлонадан кейін Алматы хореографиялық училищесінің тарихында қазақ балет өнерінің тамаша өкілі Қазақ КСР-нің халық әртісі Сара Көшербаева (1933-1999) 1975 жылдан 1986 жылға дейін мектепті басқарды [7].

Академиялық білім алған балерина Сара Көшербаева балет өнерінің техникалық шеберлігінің қаншалықты жоғарылағанын жақсы білетін, сондықтан іс жүзінде оқу процесіне, әсіресе классикалық биді оқыту әдістемесіне үлкен көңіл

бөлігі. Жан-жақты сахналық тәжірибе мен балет техникасын терең білу, ұйымдастырушылық дарындылық оған мектепте арнайы пәндерді оқыту деңгейін биікке көтеруге мүмкіндік берді.

Сара Көшербаева әдістемелік жұмысқа үлкен мән беріп, тәжірибе алмасу үшін Мәскеу, Ленинград қалаларынан жетекші мұғалімдерді мектепке шақырды. Мектеп мұғалімдерін Мәскеу, Пермь, Ленинград және басқа қалаларға біліктілігін арттыру және түрлі семинарларға жіберді. Мәселен, жас ұстаздар С.Медетбаева мен Г.Әшімованы Мәскеуге екі жылдық мұғалімдер даярлайтын курсқа жіберді. Осы жылдары Абай атындағы опера және балет театрының жетекші солистерімен студенттердің шығармашылық кездесулері жүйелі түрде өтіп тұрды. Мектеп қонақтары: Рамазан Бапов – КСРО халық әртісі, Раушан Байсейітова – ҚазақКСР-нің халық әртісі, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген әртісі – Л.Рудакова т.б. Бұл өнер майталмандары шығармашылығымен республика балет театрында жарқын із қалдырған тамаша классикалық бишілер. 70-80 жылдары Алматы хореография училищесінде тәжірибелі ұстаздар мен әдіскерлер: Қ.Жақыпова, А.Ғабитова, С.Наурызбаева, О.Шубладзе, С.Тұлсанова, А.Джалилов, Э.Мальбеков, Е.Усин, Р.Курпешева, Г.Бейсенова, Л.Косова, В.Горская, А.Амангилдина, Т.Парпибаева жұмыс істеді т.б. Педагогикалық ұжымның ерен еңбегінің арқасында 70-жылдардың екінші жартысында Халықаралық балет байқауларының бірінші лауреаттары шықты: Ресейдің халық әртісі Наталья Чеховская, Красноярск опера және балет театрының прима-балеринасы, С.Наурызбаева мен С.Көшербаеваның шәкірті.

Зерттеу нәтижесі: Зерттеу барысында қазақстандық екі оқу орнының оқу бағдарламасы бір болғанымен кейбір қимылдарды орындау әдісі екі түрлі екеніне көз жеткізілді. Бұл айырмашылықтың бакалавриат деңгейінде оқып жүрген студенттерге жан-жақты білімді игеруге мүмкіндік беретінен байқадық.

Негізгі бөлім. 1980 жылдардың соңы мен 1990 жылдардың басы қайта құру және КСРО-ның ыдырау кезеңі болды. Егемен Қазақстанның қалыптасуы республикадағы барлық білім беру саласы сияқты Алматы хореографиялық училищесі үшін де оңай болған жоқ. Түрлі қиындықтарға қарамастан, ұстаздар қауымының күш-жігері бірегей оқу орнын сақтап қана қоймай, оның озық дәстүрлерін сақтап қалды, педагогикалық әдістерді дамытты, балет әртістерін даярлау жүйесіне хореографияның жаңа бағыттарын енгізді. Осы жылдары тамаша шығармашылық ұжым қалыптасты. Ардагер ұстаздармен қатар жаңа буын ұстаздар да (Р.Оңғарова, Г.Әшімова, Л.Ли, С.Медеубаева) еңбек етуде. Балет мектебінің дамуына шығармашылық үлес қосқан Н.Абдулина, М.Қадырова, М.Төкеев, А.Бүркітбаев, Л.Макарцева, О.Воеводина А.Алишева, И.Гуляева Д.Фадеева сынды оқытушылардың еңбегі зор.

«Хореография училищенің ұжымын басқарған Эдуард Мальбеков (1986-1989), Болат Джантаев (1989-1998), Ұлан Мирсейідовтер (1998-2003) жылдар аралығында оқу-тәрбие үрдісін жетілдіруде көп еңбек сіңірген жоғары дәрежелі мамандар болды» (7, 168 б.).

Алматының хореографиялық училищесі барлық ұқсас оқу орындары сияқты үш мектепті біріктіреді: балет, музыка және жалпы білім. Оқу бағдарламасы 8 жылға есептелген: орта мектеп көлеміндегі жалпы білім беретін пәндер, осы мамандық көлеміндегі орта арнаулы хореографиялық, музыкалық және өнер пәндерінің циклдері жүреді.

Қазіргі балет театрының кәсіби шеберлік деңгейі мектеп түлектеріне қойылатын жоғары талаптарды айқындайды. Мектеп жылдар өткен сайын жоғары кәсіби балет әртістерін тәрбиелеуге құқығы бар екенін дәлелдеп, оларға балет театрының ғажайып әлеміне жол ашады және шәкірттерінің жетістігін мақтан етеді.

Уақыт талабына сай 2016 жылы Астана қаласында жаңадан ашылған Қазақ ұлттық хореография академиясы өз жұмысын бастады. Бұл оқу орны көп

деңгейлі (мектеп, колледж, бакалаврият, магистратура және докторантура) білім беруімен ерекшеленді. Яғни Қазақ ұлттық хореография академиясы бастауыш сыныптан бастап, докторантура деңгейлеріне дейін қамтиды. Орта Азиядағы алғашқы көп деңгейлі білім беру жүйесін қамтитын бірегей балет академиясы ретінде саналады.

Қазақстандағы екі жетекші хореография мектептерінің білім беру процесіндегі пән аралық ерекшеліктерін де байқауға болады. Астанадағы Қазақ ұлттық хореография академиясы, оның ректоры Алтынай Асылмұратованың басшылығымен Санкт–Петербург қаласында орналасқан А.Я.Ваганова атындағы Орыс балет академиясының оқу бағытын толықтай жүгіне отырып, өз бағытын құру жолында. Алматы хореография училищесі болса Мәскеу мемлекеттік хореография академиясы әрі А.Я.Ваганова атындағы Орыс балет академиясының оқу бағытына сүйене отырып өз оқушыларына тәлім беруде.

Қазақ ұлттық хореография академиясы бүгінгі күні өзінің әлемдік деңгейде толықтай жабдықтырылған жағдайымен мақтан ете алады. Алайда, Алматы хореография училищесінде керемет, үлкен сахна орналасқан. Бұл сахна бірнеше жылдар бойы әр деңгейдегі іс-шараларды өткізуге мүмкіндік беріп отыр. Осы сахнаның арқасында жоғары курс студенттерінің кейбір сабақтары, жыл сайынғы мемлекеттік экзамендері, сонымен қоса арнайы шақыртылған танымал әртістер мен мұғалімдердің шебрлік сабақтары, түрлі концерттер, фестивальдер, конкурстар жиі өткізіліп тұрады.

Мысалы, 20 жылға жуық өткізіліп отырған Халықаралық «Өрлеу» фестивалін атауға болады.

Қазақ ұлттық хореография академиясы 2018 жылдан Халықаралық деңгейде «Tempo Lie» фестивалін өткізіліп келе жатыр. Осы фестивальдер арқылы жас буын балет әртістері үлкен сахнаға жолдама алып отыр.

Осыған байланысты училищенің ерекшеліктерінің бірі — сынып сабағы концерттерінің

жиі ұйымдастырылуы. Оқушыларға сынып сабағы аптасына (сабақ кестесінен тыс) кем дегенде 3-4 рет өткізілетіндігі. Осы сынып сабақтарының жиілігі әр тәлім алушыға өз өнерін сахна төрінде шыңдай түсуге мүмкіндік бере отырып болашақ әртіс болып қалыптасуына зор үлес қосады. Осының арқасында жас таланттар өз қорларына ұмытылмас сахналық тәжірибие жинайды, сонымен қоса сахнада көпшіліктің алдында қобалжу сезімдері жоғалады. Мектеп өміріндегі басты оқиға – балеттік көріністерден немесе арнайы жасалған спектакльдерден тұратын және халықтық, заманауи билер қойылымдарына қатысу.

Ал, Қазақ ұлттық хореография академиясында осы сынып сабағы сирек жүргізіледі, бұл болашақ балет әртісінің сахнаны игеру дағдысына кері әсер ететіні сөзсіз. Сонымен қатар сахнада жарық, музыка т.б. қосалқы әсерлерді және көрерменді сезінуі де жеткіліксіз дамиды.

Жоғарыда көрсетілген екі мектептің айырмашылығы арнайы пәндерді жүргізуде белгілі болып отыр. Бір ғана мысал:

Халық сахналық би сабағындағы іс-қимылдардың орындалу ерекшелігі болатын мазурка биінде кездесетін «па галя» қимылының әр түрлілігі. Қазіргі таңда оның үш түрі бар. Баршамызға танымал Мәскеулік нұсқа мен Петербурлық нұсқасы болса, ал ендігі бірі біздің Қазқ ұлттық хореография академиясы «халық сахналық би» пәнінің оқытушылары келісімімен қабылданған үшінші бір түрі бар. Бұл түрі негізінен Мариин театрының балет спектакльдерінде қолданысқа енген.

Осы қимылды Мәскеу хореография мектебі төмендігі әдіспен оқытады.

«Мазурка» биі нақты, анық, жігерлі болу керек және жеңіл әрі оңай орындалуы тиіс. «Мазурканың» негізгі қимылы – «па галя».

«Музыкалық өлшемі - 3/4.

- Бастапқы қалып: аяқтың үшінші «еркін» қалпы, оң аяқ алда; қос қол IV-ші қалыпта.

— «көне» (на «и») (такт алды) – жартылай отыру қалпында сол аяқтың толықтай табанымен сәл ғана

алға секіріс жасау арқылы бір мезгілде оң аяқтың тізесі мен аяқ басын соза отырып еденнен алға қарай көтеру;

— «бір» - оң аяқтың саусақ ұштарынан бастап бүкіл аяққа алға қарай жігерлі әрі сырғымалы қадам жасай отырып, сол сәтте сол аяқты артта 45 °-тық attitude кейпінде бекіту;

— «екі» - санында (үзіліс) кейіп оның мәнерлігін арттыра түседі;

— «кәне үш» бірінші «еркін» позицияға екі аяқпен айқын соққымен секіріс жасай («и» - ге) оң аяққа лезде секіру және сол аяқты еден үстінде алға қарай созылған күйде шығару» [8, 117-118 бб.].

Екі аяқпен анық «секеңдей түсу» және сол аяқты «серіппе сияқты» алға созу кезінде оң аяқпен бірден «секеңдеу» «мазурканың» негізгі характерін береді.

Әрі қарай қыймыл екінші аяқтан жасалынады.

Ал, Петербург мектебі дәл осы әдіспен қолдана отырып, айырмашылығы «бір» санындағы қимыл элементін орындауда сол аяқты артта 45°-тық attitude орнына аяқ шартты *cou-de-pied* арқылы орындалады.

Қазақ ұлттық хореография академиясы осы қимылды қадам арқылы бастайды. Арнайы хореографиялық пәндерді талдау барысында айырмашылықтардың бар екеніне көз жеткіздік.

Қорытынды. Бұл пән қимылдарының айырмашылығы болашақ балет әртісінің жан-жақты білікті орындаушы болуына көмегі тиері сөзсіз. Олай болса Қазақ ұлттық хореография академиясының сахналық тәжірбие жетілдіруіне көбірек көңіл бөлгені дұрыс болар деген ой түйіндедік. Оқу орнының қабырғасында үлкен балет спектакльдері қойылып жүр, дегенмен, бұл қойлымдар классикалық би негізінде қойылған. Сол себепті би ансамбльдерінің өртісі мамандығының студенттерінің сахналық тәжірбие алуы жеткіліксіз болып отыр.

Дей тұрғанмен жаңадан құрылған оқу орнының атқарар жұмысы әлі алда болар деген сенімдеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жиенқұлова Ш. Өмірім менің – өнерім. – Алматы, Жазушы, 1983. – 216 б.
2. Әбіров Д. История казахского танца. Учебное пособие. – Алматы, 1997. – 160 с.
3. Сарынова Л. Балетное искусство Казахстана. – Алма-Ата: Наука, 1976. – 176 с.
4. Ізім Т. Уақыт және би өнері. Монография. – Алматы. «Мир» Баспа үйі, 2016. – 208 б.
5. Жұмасейітова Г. Хореография Казахстана: Период независимости. – Алматы: Жибек жолы, 2010. – 220 с.
6. Кремер Л., Уразғалиева А. Прошлое и настоящее хореографического искусства Казахстана. Учебное-пособие: – Алматы. КазГосЖенПУ, 2009. – 145 с.
7. Қалиева А. Монография. Қазақстан хореографиясының Алтын бесігі. // Училище тарихы// Алматы. Литера. 2016. – 618 б.
8. Есаулов И., Есаулова К. Народно-Сценический танец. – М.: Планета музыки, 2014. – 204 с

References:

1. Zhienqulova Sh. *Omirim menin – onerim*. – Almaty, Zhazushy, **1983**. – 216 b. *(In Kazakh)*.
2. Abirov D. *Istorija kazahskogo tanca*. Uchebnoe posobie. – Almaty, **1997**. – 160 s. *(In Russ)*.
3. Sarynova L. *Baletnoe iskusstvo Kazahstana*. – Alma-Ata: Nauka, **1976**. – 176 s. *(In Russ)*.
4. Izim T. *Uaqyt zhane bi oneri*. Monografija. – Almaty. «Mir» Baspa үji, **2016**. – 208 b. *(In Kazakh)*.
5. Zhumasejitova G. *Horeografija Kazahstana: Period nezavisimosti*. – Almaty: Zhibek zholy, **2010**. – 220 s. *(In Russ)*.
6. Kremer L., Urazgalieva A. *Proshloe i nastojashhee horeograficheskogo iskusstva Kazahstana*. Uchebnoe-posobie: – Almaty. KazGosZhenPU, **2009**. – 145 s. *(In Russ)*.
7. Qalieva A. Monografija. *Qazaqstan horeografijasynyn Altyn besigi*. // Uchilishhe tarihy// Almaty. Litera. 2016. – 618 b. *(In Kazakh)*.
8. Esaulov I., Esaulova K. *Narodno-Scenicheskij tanec*. – M.: Planeta muzyki, **2014**. – 204 s. *(In Russ)*.